	Х біліктілігі	У біліктілігі
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>
Бұйымның еңбек сыйымдылығы, сағ.		
А бұйымы	0,4	0,64
Б бұйымы	0,32	0,24
Өндірістік бағдарлама бойынша, дана		
А	1000	1000
Б	1200	1200
Бағдарлама бойынша жалпы еңбек сыйымдылығы, сағ.		
А		
Б		
Өндірістік дайын болмаған бұйымға кеткен уақыт, сағ.		
А	120	80
Б	96	136
Бағдарлама бойынша екі бұйымның жалпы өнімділігінің еңбек сыйымдылығы, сағ.		
Жоспар бойынша норманы орындау үшін қажет уақыт, сағ.	105	104
Бағдарламаны орындау үшін қажет уақыт, сағ.		
Бір жұмысшының пайдалы уақыт қоры,	316	346
Есеппен табылған персонал саны, адам		
Қабылданған персонал саны, адам		

2-нұсқа

Көрсеткіштер атауы	А жұмысының түрі	
	Х біліктілігі	У біліктілігі
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>
Бұйымның еңбек сыйымдылығы, сағ. А бұйымы Б бұйымы	0,6 0,48	0,96 0,36
Өндірістік бағдарлама бойынша, дана А Б	1000 1200	1000 1200
Бағдарлама бойынша жалпы еңбек сыйымдылығы, сағ. А Б		
Өндірістік дайын болмаған бұйымға кеткен уақыт, сағ. А Б	180 144	120 204
Бағдарлама бойынша екі бұйымның жалпы өнімділігінің еңбек сыйымдылығы, сағ.		
Жоспар бойынша норманы орындау үшін қажет уақыт, сағ.	105	104
Бағдарламаны орындау үшін қажет уақыт, сағ.		
Бір жұмысшының пайдалы уақыт қоры,	519	519
Есеппен табылған персонал саны, адам		
Қабылданған персонал саны, адам		

3-нұсқа

Көрсеткіштер атауы	А жұмысының түрі	
	Х біліктілігі	У біліктілігі
<i>1</i>	<i>2</i>	<i>3</i>
Бұйымның еңбек сыйымдылығы, сағ. А бұйымы Б бұйымы	0,7 0,56	1,12 0,42
Өндірістік бағдарлама бойынша, дана А Б	1000 1200	1000 1200
Бағдарлама бойынша жалпы еңбек сыйымдылығы, сағ. А Б		
Өндірістік дайын болмаған бұйымға кеткен уақыт, сағ. А Б	210 168	140 238
Бағдарлама бойынша екі бұйымның жалпы өнімділігінің еңбек сыйымдылығы, сағ.		
Жоспар бойынша норманы орындау үшін қажет уақыт, сағ.	105	104
Бағдарламаны орындау үшін қажет уақыт, сағ.		
Бір жұмысшының пайдалы уақыт қоры,	605,5	605,5
Есеппен табылған персонал саны, адам		
Қабылданған персонал саны, адам		

2-тәжірибелік көрніс

Техникалық қызмет көрсететін ұйымның персонал санын жоспарлау

1-нұсқа

Техникалық қызмет көрсететін ұйым келесі жылға керекті персонал санын анықтау үшін түзетілген экстраполяция әдісін қолданады. Биылғы жылдың мәліметтері төмендегідей:

- техникалық қызмет көрсететін лифт саны - 10252 дана;
- қызмет көрсетуге кеткен өндіріс уақытының мөлшері - 218000 сағ.;
- қызметкерлер саны;
- өндірістік қызметкерлер, 145 адам;
- қосалқы қызметкерлер, 16 адам.

Келесі жылға персоналдың санын анықтағанда ұйым басшылары мынадай болжамға сүйенеді:

1. Қызмет көрсетуде механиктердің еңбек өнімділігі 15%-ға өседі.
2. Жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі 10%-ға артады.
3. Қызмет көрсететін лифт саны өзгермейді.
4. Өндірістік және қосалқы қызметкерлердің арақатынасы өзгермейді.
5. Бір лифтке қатысты өндірістік сағаттардың саны (еңбек өнімділігі) = $218000/10252 = 22,3$.
6. Бір механикке қатысты өндірістік сағаттар саны (жұмыс уақытын тиімді пайдалану) = $218000/145 = 1503$
7. Өндірістік қызметкерлердің (механиктердің) қосалқы қызметкерлердің санына қатынасы = $145/16 = 9,1$

Жоғарыда көрсетілген әдістемені пайдалана отырып, төмендегі нұсқаларды есептеп шығарыңыздар.

Шешу үшін ұсыныс

Биылғы жылдың нәтижесіне сүйене отырып, негізгі пропорциялар есептелінеді:

1. Бір лифтке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (еңбек өнімділігі) лифтінің жұмыс атқарған уақытын лифт санына бөліп табу керек.

2. Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі) лифтінің жұмыс атқарған уақытын механиктер санына бөлу керек.

3. Бір қосалқы қызметкерге келетін механиктер санын табу үшін оны қосалқы қызметкерлер санына бөлу керек.

Жоспардың параметрін ескере отырып, келесі жылғы негізгі көрсеткіштерді есептеуге болады:

А) Бір лифтке шаққандағы өнімділік уақыт мөлшері = п.1/1,15;

- Б) Барлық лифтке қызмет көрсету үшін өнімділік уақыттың мөлшері = $p.A \times 10252$;
- В) Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшері = $p.2 \times 1,1$;
- С) Механиктер саны = B/V ;
- Д) Қосалқы қызметкерлердің саны = $C/p.3$.

2-нұсқа

Техникалық қызмет көрсететін ұйым келесі жылға керекті персонал санын анықтау үшін түзетілген экстраполяция әдісін қолданады. Биылғы жылдың мәліметтері төмендегідей:

- техникалық қызмет көрсететін лифтінің саны - 123 02 дана;
- қызмет көрсетуге кеткен өндіріс уақытының мөлшері - 261600 сағ.

қызметкерлер саны:

- өндірістік, 174 адам;
- қосалқы қызметкерлер, 19 адам.

Келесі жылға персоналдың санын анықтағанда ұйым басшылары мынадай болжамға сүйенеді:

- Қызмет көрсетуде механиктердің еңбек өнімділігі 15%-ға еседі.

- Жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі 10%-ға артады.

Қызмет көрсететін лифт саны өзгермейді.

Өндірістік және қосалқы қызметкерлердің арақатынасы өзгермейді.

Шешу үшін ұсыныс.

Биылғы жылдың нәтижесіне сүйене отырып, негізгі пропорциялар есептелінеді:

1. Бір лифтке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (еңбек өнімділігі) лифтілердің жұмыс атқарған уақытын лифт санына бөліп табу керек.

2. Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі) лифтілердің жұмыс атқарған уақытын механиктер санына бөлу керек.

3. Бір қосалқы қызметкерлерге келетін механиктер санын табу үшін оны қосалқы қызметкерлердің санына бөлу керек.

Жоспардың параметрін ескере отырып, келесі жылғы негізгі көрсеткіштерді есептеуге болады:

- А) Бір лифтке шаққандағы өнімділік уақыт мөлшері = $i.1/1,15$;
- Б) Барлық лифтке қызмет көрсету үшін өнімділік уақыттың мөлшері = $p.A \times 12302$;
- В) Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшері = $p.2 \times 1,1$;
- С) Механиктер саны = B/V ;
- Д) Қосалқы қызметкерлердің саны = $C/p.3$.

3-нұсқа

Техникалық қызмет көрсететін ұйым келесі жылға керекті персонал санын анықтау үшін түзетілген экстраполяция әдісін қолданады. Биылғы жылдың мәліметтері төмендегідей:

- техникалық қызмет көрсететін лифт саны - 8202 дана;
- қызмет көрсетуге кеткен өндіріс уақытының мөлшері - 174400 сағ.
- қызметкерлер саны:
- өндірістік, 116 адам;
- қосалқы қызметкерлер, 13 адам.

Келесі жылға персоналдың санын анықтағанда ұйым басшылары мынадай болжамға сүйенеді:

1. Қызмет көрсетуде механиктердің еңбек өнімділігі 15%-ға өседі.
2. Жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі 10%-ға артады.
3. Қызмет көрсететін лифт саны өзгермейді.
4. Өндірістік және қосалқы қызметкерлердің арақатынасы өзгермейді.

Шешу үшін ұсыныс.

Биылғы жылдың нәтижесіне сүйене отырып, негізгі про-порциялар есептелінеді:

1. Бір лифтке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (еңбек өнімділігі) лифтілердің жұмыс атқарған уақытын лифтілердің санына бөліп табу керек.
2. Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшерін (жұмыс уақытын пайдаланудың тиімділігі) лифтілердің жұмыс атқарған уақытын механиктер санына бөлу керек.
3. Бір қосалқы қызметкерге келетін механиктер санын табу үшін оны қосалқы қызметкердің санына бөлу керек.

Жоспардың параметрін ескере отырып, келесі жылғы негізгі көрсеткіштерді есептеуге болады:

- А) Бір лифтке шаққандағы өнімділік уақыт мөлшері = п. 1/1,15;
- Б) Барлық лифтке қызмет көрсету үшін өнімділік уақыттың мөлшері = п.А x 8202;
- В) Бір механикке келетін өнімділік уақыт мөлшері = п.2 x 1,1;
- С) Механиктер саны - Б/В;
- Д) Қосалқы қызметкерлердің саны = С/п.3.

3-тәжірибелік көрніс

1996 ж. «Аэротур» агенттігінің тауар сату көлемі 2,7 млрд теңге құраса, таза табыс - 21 млн теңге құрады. Алматыда орналасқан агенттік Еуропаға, Солтүстік Америкаға туристік сапарлар шегуді ұйымдастырады. Агенттікте 6 адам жұмыс істейді - директор, маркетинг бөлімінің бастығы, 3 референт және бір хатшы. 1997 жылы агенттік қабылдайтын елдердегі ұйымдармен келісім

арқылы, Шымкент және Тараз қалаларында өкілдіктерін ашу арқылы және де жаңа қызмет түрі Оңтүстік Еуропа және Солтүстік Америка азаматтарына Қазақстанда туристік сапарларын ұйымдастыру арқылы сату көлемін екі есе және таза табысты 10 есе өсіруді көздеген.

Сұрақтар:

1. «Аэротур» қызмет ететін сыртқы ортаның, тұтынушылардың, бәсекелестердің, жабдықтаушылардың, мемлекет рөлін сипаттаңыздар.
1. 1997 жылға құрылған компания стратегияларын қалай бағалайсыз? Стратегия ұйымның ішкі ресурстарына және сыртқы орта жағдайына сай келе ме?
2. Бұл стратегияны орындау үшін «Аэротурға» қандай біліктілік қажет? Ұйымда осы біліктілік бар ма?
3. Сіз «Аэротурға» персоналды басқару жөнінде қандай кеңес берер едіңіз? Оны орындау үшін қандай ресурстар қажет?

4-тәжірибелік көрніс

Компьютер бағдарламасын сатумен айналысатын «Логика» компаниясының басшысы дәл қазір келесі жылы сату көлемі қандай болатыны туралы мәлімет алды. Соған сәйкес сату көлемі 20%-ға өсіп, 25 млрд теңгені құрауы тиіс. Өсу көлемі қазіргі бағыптың, яғни ұйым тапсырысы бойынша жасалатын бағдарламалардың және жалпы нарыққа шығарылатын бағдарламалардың 10%-ға артуына жоспарланған «Логиканың» сату бөлімінде 7 коммерциялық агент, 3 ассистент және бір хатшы жұмыс істейді. Әрбір агент өзіне бекітілген аумаққа сату қызметін атқарады, бір ассистент екі агентке көмектеседі, ал хатшы барлық телефондық сауалдарға жауап беріп, жалпы корреспонденцияны жүргізеді. Барлық агенттердің жоғары техникалық білімі бар, алайда олар программист (бағдарламашы) емес. Ағымдағы жылда «Логиканың» сату көлемі - 30%, қызметкерлер саны 2 агент және бір ассистентке көбейген.

Сұрақтар:

1. Сату бөлімінің келесі жылға адам ресурстарына қажеттілігін анықтандар.
2. Персоналды таңдау жобасын дайындаңыздар

3-тапсырма

Жағдайды оқып үйренудің мақсаты

Кәсіпорынның сыртқы ортасының әсерлі түрде өзгеріп отыруына байланысты оны кәсіпорын менеджменті дер кезінде сезіп отыруы тиіс. Кәсіпорынның бейімделу қабілеттілігі ұйым миссиясын дер кезінде қайта қарап, оның стратегиялық мақсаттары мен қабылданған стратегияларын жүзеге асыру арқылы анықталады. Кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарының құрылымы мен сипатының өзгеруі кәсіпорын персоналының біліктілік құрылымы мен құрамының өзгеруіне алып келеді. Кәсіпорын менеджменті жүйесінде стратегиялық мақсаттар блогы еңбек ресурстарын іріктеу (EPI) блогымен өзара жүйелі байланысы 4.1.-ықшамды сызбада көрсетілген. Еңбек ресурстарын іріктеу блогының тиімді жұмысын ұйымдастыру - бұл кәсіпорын

менеджментінің маңызды міндеті.

Аталған проблемалық жағдайдың негізгі мақсаттары:

- персоналға деген біліктілік және басқа да талаптарды қалыптастыру үшін оған керекті дағдыларды шынықтыру;
- белгілі бір кәсіби және біліктілігі бар персонал құрылымының қажеттілігін анықтауға қажетті жұмыс әдістемесін игеру, сол қажеттіліктерді қанағаттандыруды ұйымдастыру.
- персоналдың кәсіби қасиеттерін бағалау дағдыларын және оларды қамтамасыз ету тәсілдерін жасау.
- іскерлік қарым-қатынас тренингін, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын иелену.

Жағдайды қарастыру ережелері.

Жағдайды қарастыру кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:

- оқу тобы әрқайсысы 5-6 адамнан тұратын басқарушылық командаларға бөлінеді, олар жағдайдың жорамалдаған жолымен, ережелерімен және сонымен қатар жұмыстың нәтижесін бағалау тәсілімен танысады.

Әрбір команда өзіне танымал кәсіпорынды таңдайды, кәсіпорынның атқаратын жұмысына және оған жүктелген функциялар сипатына талдау жасайды. Содан соң сол жұмыстардың бірін таңдап, соған сәйкес маманды іріктеу (таңдау) мәселесін шешеді. Талқылау аяқталған соң команда еңбек ресурстарын іріктеудің негізгі кезеңдеріне сәйкес келетін құжаттар пакетін қалыптастырады. Еңбек ресурстарын іріктеудің құрамы мен кезектілігі 4.2.-ықшамды сызбада көрсетілген.


Еңбек ресурстарын іріктеу жүйесінің 4, 5, 7, 8 кезеңдері басқарушылық ұжым жұмысында жағдайларды қарастырған кезде ескеріледі, бірақ іске асырылмайды.

Ұсынылған ықшам сызбада ұйымның түрлі бөлімшелерінің функциялары араласып кетуі мүмкін екенін ескеру қажет.

- Басқарушылық командалар құрған құжаттар пакеті әрбір команда топбасшылары және жүргізуші оқытушы кіретін сараптамалық кеңеске беріледі. Сараптамалық кеңес барлық командалардан құжаттар пакетін алғаннан кейін немесе жүргізуші оқытушы анықтаған мезеттен бастап өз жұмысына кіріседі. Сараптамалық кеңестің міндеті, ұжымдармен атқарылған жұмыстың сапасы мен толықтығын бағалау.



4.1.-сызба. Кәсіпорынның стратегиялық даму жүйесіндегі ЕРІ жүйесінің орны



4.2.-сызба. ЕРІ жүйесінің негізгі кезеңдер құрамының ұсынылған кезектілігі

Проблемалық жағдайларды зерттеу жолдар

А. Кәсіпорынның мәселелерін тиянақты шешу үшін жұмыстың сипаттамасын тұжырымдап, мазмұлдау керек. Жұмыстың мазмұны төменгілерді қамту керек:

- жұмыстың мақсаты;
- кәсіпорынның мәселесін шешудегі жұмыстың рөлі;
- жұмыстың негізгі нәтижелері;
- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ұйымның қаржылық және басқа да ресурстарын пайдалану;
- ұйымның басқа бөлімшелерімен байланыстың барлығы және оның құрамы.

Б. Бос орынды иелену үшін үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын тұжырымдау және баяндау.

Талаптарды тұжырымдауда келесі сипаттамаларды бейнелеу қажет:

- білімі және мамандық деңгейі;
- интеллектуалдық деңгейі;
- қызметкерге қажетті қабілеттері;
- жеке мүдделері;
- мінезі;
- мотивациясы;
- басқа жағдайлар.

Бұл жағдайда сипаттамалардың маңыздылығын және оның керекті деңгейі мен өмірде болатын оның қайшылықтарын көрсету керек.

Біліктілік талаптарын дайындауда тұжырымдардың нақтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету қажет, олардың шикілігі құжаттың дайындалу сапасын төмендетеді және үміткерлерді таңдау қиынға соғады.

Құжатты 4.2.-кестеде келтірілген түрде жасау ұсынылады.

В. Бос орынға басқа кісіні қабылдау үшін жарнамалық іс-қағазын жасап шығару керек. Бұқаралық ақпарат құралдарын және жарнама орналастыратын орынды таңдау қажет.

Үміткерге қойылатын нақты талаптарды құрастырғаннан кейін, бос орын, яғни вакансия туралы мәлімет жариялау қажет. Ол үшін жарнама жасалады, ал ол төмендегілерді қамту керек:

- белгілі бір үміткерлер тобына бағытталуы қажет;
- еңбекақысы туралы нақты мәлімет болуы керек;
- конкурс жариялаған нақты компанияны көрсетуі қажет.

Бұл жерде ең маңызды нәрсе үміткерлер тобына қолайлы, ыңғайлы бұқаралық ақпарат құралдарын таңдау. Мысалы, қора тазалаушының орнына жарнаманы сол кісілердің жұмыс істейтін жерінде жасауға болады, ал директордың орнына кісі табу үшін жарнаманы ел көлемі бойынша тарату қажет.

Команда жұмысын бағалау.

Келесі кестеде (4.2.-кесте) көрсетілген белгілерді қолданып басқару тобының жұмысын сараптамалық кеңес мүшелері бағалайды.

Әр топ сараптамалық кеңеске құжаттар жинағын өткізеді және ол сол кеңеспен бағаланады. Сонымен қатар 4.1.-кестеде керсетілген ықшамды сызба бойынша бағалау жиынтығының нәтижесі анықталуы қажет.

Факторлардың салмақты коэффициенті 5 балдық шкала бойынша қойылады.

4.1.-кесте. Үміткерге қойылатын біліктілік және басқа талаптар

	Сипаттамалар атауы	Маңызды қасиеттер	Қажет қасиетте р	Жақпайтын (қажетсіз) қасиеттер
1	2	3	4	5
Физикалық мәліметтер	Бойы Дене бітімі Денсаулығы Сыртқы келбеті Үміткердің сөйлеу мәнері Жас шегі Жынысы			
Біліктілігі	Білімі Шет тілін меңгеруі Мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі Жұмыс өтілі (стаж) Сонғы жұмыс істеген орны және оның сипаты Менеджменттің қазіргі әдістері мен құралдарын меңгеруі			
Интеллектуалды деңгейі	Ғылыми жұмыстарының болуы Алдыңғы қызмет орнында ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы Әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысуы және орын алуы			
Қажетті қабілеттер	Техникалық сипаттағы мәселелерді өздігінше шеше білу қабілеті Тілдесу қабілеті Топ бастауға ұмтылуы Аналитикалық қабілеттері. Шығармашылық қабілеттері			
Жеке мүдделері	Интеллектуалды міндеттерді шешу Тәжірибелік конструктивті мүдделер Қоғамдық шығармашылық ортасында біліктілікті арттыруы			
Мінез ерекшеліктері (белгілері)	Топ бастауға генетикалық бейімділігі Ішкі еркіндік және негізді тәуекелдікке дайын болу Өзіне сын көзбен қарау Бағынушыларды көндіре (түсіндіре) білу Жеткен жетістіктерге ішкі сыйластықтың жоғары әлуеті. Консервативтік (сақтанымпаз)			
Ынталандыру	Қаржы қауіпсіздігі Мәртебе қатарында болушылық Білік Қызмет Мәселенің шешімі			
Басқа жағдайлар	әйел/еркек Үйленген/бойдақ белгілі бір аймақта өмір сүру Іс шараларға шығу мүмкіндігі Мезгілден тыс жұмыс істеу қабілеті			

4.2.-кесте. Басқару тобының жалпы бағасы туралы есеп

Баға белгісінің аталуы	Белгінің туарлық коэффициенті	1 беогісі бойынша бірінші басқару тобын бағалау				Белгі бойынша бағаның сомасы
		№1 то п	№2 топ	№3 топ	№ i топ	
Ұжым жұмысының жөнге салынғандығы мүшелерінің талқылауларды және жағдайларды талдау белсенді қатысуы	3	0,1 0,3				
Берілген мәліметтерді сапалы дайындау	2	0,2 0,4				
Жағдай бойынша бар негізгі мәліметтерді жүйеге келтіру деңгейі	5	0,6 3,0	0,5 1,0	0,3 0,6		
«Жұмыс мінезі» құжатының дайындалуының және жөнделуінің толықтығы мен, сапасы	4	0,1 0,4				
«Бос орынға, үміткерлерге, мамандыққа баға беретін талаптар» құжатының дайындалуы мен жөнделуінің толықтығы мен сапасы	4	0,2 0,8				
Мәліметтердің толықтығы жинақтылығы жарнама бағытының мақсатқа жету дәрежесі	3	0,5 1,5				
Жарнама орналастыру орнын таңдауға дәлдік	3	0,2 0,6				
Баға белгілері						
1 тобының қорытынды бағасы		7,0				

Әр топқа баға бірлік үлесінде беріледі, себебі барлық бағалар жиынтығы бірге тең болуға тиісті. Әр факторға сай келетін жол екі қатарға бөлінген: жоғары жолда ұжымға берілген баға, төменгі жолда жоғары бағаны салмақтық коэффициентке көбейтілгеннен кейін пайда болған баға.

Әр топтың қорытынды бағасы салмақтық коэффициентке көбейтілген бағалар жиынтығы ретінде анықталады. Салмақтық коэффициентті сараптамалық кеңес анықтайды.

Алынған бағалар жиынтығының нәтижесі бойынша қорытынды жасалады, ең үздік топ анықталып, әр топ жұмысының жетістіктері мен кемшіліктері талқыланады.

2-тәжірибелік сабақ

1-нұсқа

Өзбекстандық кәсіпкер Ардақ Расулов Қазақстанның кейбір қалаларында самарқандық палау жасайтын кәсіпорындар ашатын ойы бар. 2005 жылы Астана мен Алматы қалаларында екі мейманхана ашуға тиісті. Жұмысқа шақырылған құрылыс компаниясы құрылыс жұмыстарын 2005 жылы қаңтар айында бітіруге уәде берген. Бірінші келіп-кетушілер самарқандық палауды сәуір айының аяғында дәмін татуы мүмкін. Әрбір мейманханада бір уақытта кем дегенде жүз адамға қызмет көрсетіледі деп жос-парланып отыр, Ардақ Расуловтың есебі бойынша бір мейманханаға 6 аспазшы, 6 аспазшының көмекшісі, 15 даяшы, 4 бармен, 10 қосалқы жұмысшы керек. 2005 жылы ақпан

айында 5 қыз-меткер жұмыс істейтін болады, оның ішінде Астана қаласында персонал бойынша директор және сауда бойынша директор, Астана мен Алматы қалаларында мейманхана директорлары, Астанада - көмекші керек.

Сұрақтар.

1. 2005 жылғы қаңтар мен сәуір айларында персоналдың керекті санын анықтаңыздар.
2. Ардақ мырза персоналды қабылдаған кезде қандай қиыншылықтарды шешуі мүмкін?
3. Ардақ мырза персоналды қабылдаған кезде қандай әдістерді қолдануы мүмкін? Сіз қандай әдісті жақтар едіңіз?
4. Үміткерлерді бірінші іріктеуді қалай ұйымдастыруға болады? Аспазшыны, даяшыны және қосалқы жұмысшыларды іріктегенде қандай мәселеге көп көңіл бөлер едіңіз?
5. Жұмысқа қабылдау жайында шешімді кім қабылдауға тиісті?
6. Жаңа ғана жұмысты бастаған қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын дамытуды қалай ұйымдастыруға болады?

2-нұсқа

Өзбекстандық кәсіпкер Ардақ Расулов Қазақстанның кейбір қалаларында самарқандық палау жасайтын кәсіпорындар ашпақ ойы бар. 2005 жылы Астана мен Алматы қалаларында екі мейрамхана ашуға тиісті. Жұмысқа шақырылған құрылыс компаниясы құрылыс жұмыстарын 2005 жылы қаңтар айында бітіруге уәде берген. Бірінші келіп-кетушілер самарқандық палауды сәуір айының аяғында дәмін татуы мүмкін. Әрбір мейрамханада бір уақытта кем дегенде жүз адамға қызмет көрсетіледі деп жоспарланып отыр, Ардақ Расуловтың есебі бойынша бір мейрамханаға 7 аспазшы, 7 аспазшының көмекшісі, 16 даяшы, 5 бармен, 11 қосалқы жұмысшы керек. 2005 жылы ақпан айында 6 қызметкер жұмыс істейтін болады, оның ішінде Астана қаласында персонал бойынша директор және сауда бойынша директор, Астана мен Алматы қалаларында мейрамхана директорлары, Астанада - екі көмекші керек.

Сұрақтар.

1. 2005 жылғы қаңтар мен сәуір айларында персоналдың керекті санын анықтаңыздар.
2. Ардақ мырза персоналды қабылдаған кезде қандай қиыншылықтарды шешуі мүмкін?
3. Ардақ мырза персоналды қабылдаған кезде қандай әдістерді қолдануы мүмкін? Сіз қандай әдісті жақтар едіңіз?
4. Үміткерлерді бірінші іріктеуді қалай ұйымдастыруға болады? Аспазшыны, даяшыны және қосалқы жұмысшыларды іріктегенде қандай мәселеге көп көңіл бөлер едіңіз?
5. Жұмысқа қабылдау жайында шешімді кім қабылдауға тиісті?
6. Жаңа ғана жұмысты бастаған қызметкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын дамытуды қалай ұйымдастыруға болады?

«Персоналдарды басқару» пәнінен курстық жұмыстардың тақырыптары

1. «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудағы кадрлық саясаттың мәні.
2. ҚР еңбек ресурстарының қалыптасуы мен дамуы.
3. Басқару персоналы – оның құрамы, түсінігі, мәні мен мазмұны.
4. Персоналды басқарудың ұйым қызметінің тиімділігіне әсері.
5. Персоналды басқарудың әлеуметтік-психологиялық аспектілері.
6. Кадрлар таңдау принциптері мен әдістері.
7. Басқару кадрларын орналастыру.
8. Ұйымдағы персоналды басқару процесі.
9. Қазіргі заманғы ұйымдағы персоналды бағалау.
10. Персоналды бағалаудың қазіргі заманғы әдістері.
11. Кадрларды дайындаудың шетелдік тәжірибесі.
12. Персоналдарды басқару тиімділігі: арттыру жолдары және бағалау.
13. Кадрлық маркетинг: мәні мен нысандары.
14. Жеке еңбек шарты жұмысшыны жалдау нысаны ретінде.
15. Персонал мотивациясы және еңбек төлемі.
16. Басқару этикасы және оның персоналды басқару жүйесіне әсері.
17. Ұйым персоналын тиімді басқару.
18. Адам ресурстарын басқару функцияларының эволюциясы.
19. Ұйымның дамуы және персоналды басқару жүйесі.
20. Персоналды басқарудағы байланыстырушы процестер.
21. Персоналды басқарудағы диагностикалық үлгі.
22. Ұйымдағы персоналды басқару стратегиясы.
23. Кадрларды дайындау және басқарудағы шетелдік зерттеулер және оны ҚР нарықтық экономикасында қолдану.
24. Қазіргі заманғы жағдайда кадрлар біліктілігін арттыру.
25. Кадрларды жинақтау және қабылдау.
26. Кадрларды таңдау жүйесі.
27. Кадрлармен жұмыс жасау (әлеуметтік-психологиялық аспекты).
28. Нарық жағдайында персоналды басқару.
29. Жаналықтар енгізудегі персоналдар.
30. Ұйымдағы персоналды ынталандыру жүйесі.
31. Еңбек рыногы және халықтың жұмысбастылығы.
32. Басшылық стилі және кадрларды басқару процесіндегі индивид тәртібі.
33. Еңбекті қорғау және ұйымдағы персоналды әлеуметтік қорғау.
34. Ұйымдағы карьераны жоспарлау және дамыту.
35. Ұйым персоналын басқару концепциясы.
36. Нарық жағдайындағы кадрлық бөлім қызметін ұйымдастыру.
37. ҚР нарықтық экономикасы жағдайында персоналды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру.
38. Еңбек ресурстары рыногының персоналды басқару жүйесіне әсері.
39. Нарық жағдайында кадрларды оқыту және дамыту жүйесі.
40. Қазіргі ұйым стратегиясындағы адам факторы.
41. ҚР экономикасындағы еңбек ресурстарын басқару стратегиясы.

42. Персоналды басқару (шетелдік тәжірибе).
43. Әлеуметтік саясат және ұйымдағы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
44. Ұйым персоналын стратегиялық басқару.
45. Ұйымдағы персоналмен жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру.
46. Жұмыс орнын талдау персоналды тиімді басқару жүйесінің негізі ретінде.
47. Адам ресурстарын басқару: макро- және микродеңгейлердің өзара байланысы.
48. Персоналды басқару технологиясы және оның ұйымда дамуы.
49. Қйым персоналының қызмет нәтижелерін бағалау.
50. ҚР еңбек қатынастарын реттеу.

Негізгі әдебиет:

1. Конституция РК 30.08.1995.
2. Закон. О труде в Республике Казахстан. От 10.12.1999, №493-13 РК. Алматы. 2000
- 3 Назарбаев Н.А. «Казахстан -2030» Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы, 1999
- 4 Всеобщая Декларация прав человека. Резолюция 217 АЯП. Генеральной Ассамблеи 10.12.1948. // Правовая реформа в Казахстане. Алматы, №1, 1998
- 5 Гражданский Кодекс РК (общая часть) - Алматы: Жеты жаргы, 199.- 432 бет.
- 6 Конституция РК. — Алматы: Жеты жаргы, 1995-17 бс.
- 7 «О труде в Республике Казахстан». - Алматы: Жеты жаргы.
- 8 Закон РК «О занятости населения. 30.12.1998г.
- 9 Программа гос. Поддержки и развития предпринимательства в РК на 1994-1996 гг. «Советы Казахстана», июнь, 1994
- 10 Агеев А. - Организационная культура современной корпорации: МэиМО, №6, 1990.
11. Алавердиев А.Р. -Управление персоналом в коммерческом банке. М.:«Соминтэк», 1997.
12. Ашимбаев Т.А. -Экономика Казахстана на пути к рынку. Изд. «Казахстан»
13. Грачев М.В. - Суперкадры. М: Дело, 1994.
14. Герчикова И.Н. -Менеджмент -М; 1994, гл. V.
15. Деловая этика в США. М.: Международные отношения, 1991.
16. Исаенко А.И. Кадры управления в корпорациях США. - М: Наука, 1993.
17. Дж. М. Иванцевич, Лобанов А.А. Человеческие ресурсы управления (Основы управления (Основы управления персоналом) М: Дело, 1993.
18. Карнеги Дейл - Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей. М: Прогресс, 1990.
19. Пронников В.А., Ладанов И.Д. - Управление персоналом в Японии, М: Наук, 1989.
20. Шекшня С.В. - Управление персоналом современной организации. М: ПРИОР, 1996.
21. Хруцкий В.Е. - Управленческий потенциал в промышленности - М: 1998.
22. Одегов Ю.Г., П.В. Журавлев. Управление персоналом. Учебник. М. Финанстатинформ, 1997.

23. Управление персоналом. Под ред. Т.Ю. Базарова, Б.Л. Еремина, М: «Банки-биржи», ЮНИТИ, 1998.
24. Маслов Е.В. Управление персоналом предприятия. Учебное пособие. Москва-Новосибирск, 1998.
25. Кибанов А.Я. Управление персоналом организации. Учебник. М.: Инфра
26. Гончаров В.В. Руководство для высшего управленческого персонала. Опыт лучших промышленных фирм США, Японии и стран западной Европы. М: МП «Сувенир», 1993.
27. Травин В.В., Дятлов В.А. Основы кадрового менеджмента.
28. Система УП на предприятиях. А.Г.Амиров, В.Г. Головина, и др. В 2-томах. М.: Всероссийский центр производительности, 1993.
29. Липатов В.С. Управление персоналом предприятий и организации: Учебник для вузов. М.: ТОО «Люкс-арт», 1996.
30. Мордовин С.К. Модульная программа для менеджеров. Управление человеческими ресурсами, (серия 16). Инфра М.
31. Щекин Г.В. Аттестация и резерв кадров. ВЗУЧП-Киев, 1992
32. Лесбаева Г.Т. Управление персоналом. Алматы- 2003.

Қосымша әдебиет:

1. Журнал «Человек и труд».
2. Журнал «Служба кадров».
3. «Журнал менеджера». Приложение к газете казахстанского предприятия «Бюллетень бухгалтера».
4. Журналы: «Кадры и карьера», «Менеджер», «Директор». Приложение к газете казахстанского предприятия «Бюллетень бухгалтера».
5. Журнал «Вопросы труда», Бюллетень Министерства труда и соц. защиты РК.
6. Управление персоналом Энциклопедический словарь. Под ред. А.Я. Кибанова. М.: «Инфра-М», 1998.
7. Персонал: словарь-справочник Н.Г. Одегов, Н.К. Маусов, М.П. Кулапов, Ю.П. Мительман и др. М.: Гос. экон. Академия. 1994.
8. Газеты «Панорама», «Деловая неделя», «Газета для Босса».

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 39 бет 3,25 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.